Ақпарат, білім, меншік, билік және ресурстар генеалогиялық туыстық арналар арқылы берілді, шығу тегіне байланысты адам белгілі бір тайпалық топқа қосылды. Бір жүзге кірген қазақтардың тайпалары бір-бірімен туысқан, тіпті бір ата-бабаның ұрпақтары болып саналған. Жүз халқы белгілі бір географиялық аймақта өмір сүргендіктен, бір жүзге кіретін тайпалар басқа жүздерге қарағанда күшті экономикалық қатынастармен байланысты болды. Осындай негізде ортақ дәстүрлері, әдеттері, әдет-ғұрыптарымен ерекшеленген этноқауымдастық қалыптасты. Алайда, ортақ этномәдениет, тіл, тұрмыстық және экономикалық біртұтастық берік байланыстырушы рөл атқарды. Егер қазақ даласында Отанды қорғау туралы мәселе туындаса, онда барлық қазақ жүздері бір қуатты күшке біріктірілді. Бұған тарихта мысалдар аз емес: этносаяси біртұтастық, патриотизм қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы кезінде көрінді. Барлық маңызды қоғамдық өмір, қауіпсіздік және көршілермен қарым-қатынас жалпы жиналыста-құрылтайда шешілді. Ұлттық, этносаяси біртұтастықтың басты белгілері: тарихи тамырлардың ортақтығы, ортақ тілі, шаруашылық байланыстар, дін-танымдар бірлігі, рухани әлем және саяси тағдырдың бірлігі, ортақ саяси дәстүрлер (билеуші әулеттің бірлігі – Шыңғыс ұрпақтары), ортақ тарихи тағдыр.

Шығыс елдерінің көпшілігінің аумағында, соның ішінде Қазақстан аумағында корпоративтік ұжымшылдық және ол тудырған идеология нысандары адамдарды біріктірді. Нәтижесінде дәстүрлі тұлға деп аталатын жеке тұлғаның белгілі бір түрлері пайда болды. Дәстүрлі тұлғаның бүкіл өмірі қоғамда өтті. Мұнда өскелең ұрпақтың әлеуметтенуі өтті. Жеке тұлға мен қоғамның бұл керемет бірлігіне жеке тұлғаны қауымдастыққа, ал қауымдастықты мемлекетке бағындыру арқылы қол жеткізілді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік-тарихи тағдырлары қалыптасу барысында, этникалық, корпоративтік бөліну үрдісінің өзі оның саяси санасында терең орныққан. Түрлі этникалық және корпоративтік топтардың қатар өмір сүруі мен ынтымақтастығының тәжірибесі қазақ қоғамының саяси мәдениетінің құнды жетістігі болып табылады, дегенмен оның тарихи дамудың жекелеген кезеңдерінде қауымдастық сепаратизм түріндегі азапты шығындары болғанын жоққа шығаруға болмайды. Біз адам топтарын туыстық жақындық, ынтымақтастық, өзара көмек негізінде ұйымдастырудың барлық формаларын корпоративті-ұжымдық деп атаймыз. Әлеуметтік ұйымның бұл ерекше түрі географиялық ландшафттың, этногенездің, менталитеттің ерекшеліктерімен, қазақтардың ежелгі дәстүрлерімен және дәстүрлі шаруашылығының формасымен байланысты. Қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымының корпоративтік-ұжымдық нысандары қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы аяқталғанға дейін сақталды.

Осы құрылымдардың көпшілігі біртіндеп маңыздылығын жоғалтқанымен, корпоративті ұжымшылдық және ол тудырған әлеуметтік мінез-құлық формалары биліктің, өмір салтының, басқарудың, әлеуметтік өзгерістердің және т.б. өзгеруіне қарамастан адамдарды біріктірді. Жалпы алғанда, бұқаралық санада, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге байланысты дәстүрлі көзқарастар мен қағидалар, билікке, үлкендерге, қалыптасқан тәртіпке құрмет көрсетуді талап ететін корпоративті-ұжымдық құндылықтар жүйесі қалыптасты.

Қоғамдық сана қоғамның құрылымымен, әлеуметтік басқару функцияларымен тығыз байланысты болды. Қоғамдық сананың мәні тарихи фактілерден, әртүрлі әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінен көрінеді. Ол адамдардың нақты тәжірибесімен байланысты және құндылықтардың, қоғамның мінез-құлық нормалары мен ұлт құндылықтарының үйлесімділігі мен үйлестірілу өлшемін білдіреді. Қазақтардың қоғамдық-саяси санасында болып жатқан үдерістерді нақты бейнелейтін жалғыз дерек көзі фольклорлық материалдар – XIII–XV ғасырлардағы эпостар және XV–XVIII ғасырларда өмір сүрген әнші-жыраулардың, ақындардың шығармалары болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде біздің ғылыми қауым қазақтың жыраулар мен ақындар туындыларын тек көркем әдеби шығарма ретінде ғана емес, оларды аса құнды тарихи деректер ретінде қабылдау тиіс.

Ежелгі тарихи эпостардың бірі – «Қобыланды-батыр». Сипатталған оқиғалар шамамен XIII–XIV ғасырдың басына жатады. Қобыланды – кезінде Алтын орда мемлекетінің құрамында болған ноғай, қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ халықтары фольклорында ерекше суреттелген ер батыр. Кейбір деректерде Қарақыпшақ Қобыланды – XV ғасырда өмір сүрген, Қазақ хандығының құрылуына себепкер болған тұлға, ол арғын Дайырқожа биді өлтіреді. Жәнібек сұлтан досының қазасына күйініп, «қанға қан» салтымен Қобыландыны қолына беруді талап еткенімен, Дешті-Қыпшақ ханы Әбілхайыр марқұмның құнын алып бітісуді талап етіп, Жәнібек сұлтанның меселін қайтарады. Содан кейін ханға өкпелеген Керей мен Жәнібек сұлтан өзіне қарасты ру-тайпаларды соңына ілестіріп, Талас, Шу өңіріне ауып кетеді (Қобыланды батыр, 2023: 3). Осы эпостан үзінді келтірейік:

Қобландыдай төрені:
«Қазақтың ері келді», – деп,
Көктім аймақ патшасы
Кезекті бұған береді (Байғанин, 2012: 115).

Осы жолдардан және жалпы эпостан, осы уақыттарда тек ұлық ұлыс халқы – қыпшақтар туралы ғана емес, қазақтар – қазақ руы қыпшақ туралы айтылып отырғаны көрінеді. Қобыланды-қыпшақ, бұл ретте эпоста «қазақ» этнонимі, ал халық қазақ деп аталған. Қызылбаштармен (ирандықтармен) жақындап келе жатқан соғыс туралы хабарды алған ноғайлы руынан шыққан Қараман батыр халықты қыпшақ батыры Қобыландының басшылығымен оларға қарсы шығуға шақырады. Бұл оқиғалардың тарихилығына күмәнданудың қажеті жоқ, өйткені мұндай соғыс 1297 жылы Хулагид мемлекетінің ханы Газан ұлық ұлыспен, яғни қыпшақтармен соғыс жүргізген кезде болған. Караман-батыр өз халқына келесі үндеу жасады:

Тілімді алсан, азамат,
Жаппарға жан аманат,
Қараспан тауыш жайлаған
Қалың қыпшақ елі бар,
Қобланды деген ері бар...
Мақұл көрсең, әлеумет,
Сөз айтамын шынымен,
Жүрейік соның жолымен! (Қобыланды батыр жыры, 2023)

Бұл жолдар Қобыланды-батырдың орасан зор беделін, сондай-ақ қыпшақтар мен ноғайлықтар тағдырының бірлігі, келісімі мен ортақтығын айғақтайды. Ал «қыпшақ», «ноғай», «қазақ» этнонимдері бір-бірімен тығыз байланысты және бір халыққа жататын этнонимдер болғанын анықтайды.

Қобыланды-батыр жаудан қорғау туралы өтінішін білдірген өз халқына, былайша жауап берді:

Ел-жұртынан айрылған
Ердің күйі бола ма,
Қара басын сақтаған
Ерде ерлік бола ма,
Өз табынан айырылып,
Батырдың бағы жана ма (Қобыланды батыр жыры, 2023).

Жоғарыда келтірілген жолдар қазақтардың өздерінің ортақ тағдырын, өз болашағы үшін ортақ жауапкершілігін, ұжымшылдықты, бауырластықты біріктіру қажеттілігін түсінуін көрсетеді. Сондай-ақ, олар қазақ халқының көшбасшылары-батырлардың жоғары адамгершілігі мен азаматтық ұстанымын айғақтайды. Осы мәліметтерді белгілі мемлекет қайраткер С.Сейфуллин Қобыланды батыр туралы, оның Тоқтамыс ханның Алтын Ордаға билік еткен заманындағы тоғыз ерінің бірі болғандығына назар аударатын зерттеуінде тоқталады: «Қобыланды батыр – тарихта болған адам. Орынбор архив комиссиясының мағлұматы бойынша, Елек қорғанынан Ойылға қарай жүретін қара жолдың үстінде «Қобыланды» деген бекет бар. Соның жанында «Қобыландының бейіті» дейтін бейіт бар дейді, – деп Қыдан тайшының баласын жоқтаған жырын келтіреді де, – ақырында Қобыландыны осы жырды айтқан кәрі ақын – Қыдан өлтірген дейді» деп ой қорытады **(Тілепов, 2015).**

Демек, батырлығына күмән жоқ, бір елдің санаулы қолбасыларының бірегейі саналып, үлкен эпостың басты қаһарманы ретінде белгілі Қобыландының Елек бойындағы зиратына дейін (Әуезов, 1991: 48) жүздеген жылдар бойы қастерлеумен келген халқының оның ерлігін ұмыта алмағаны деп білеміз. Әдебиеттегі тарихилық дегеннің, фольклордағы тарихилық дегеннің құдірет-күші негізінен осындай жерлерден көрінеді.

Қазақ хандығының бүгіні мен ертеңін көп ойлап, уайым жегендіктен *Асан қайғы* атанған (Халидұғлы, 1910; Марғұлан, 1985) Әз-Жәнібек, Керей хандармен бірге Әбілқайырға қарсы күрестің басында болған карт жыраудың орны ерекше (Сүйіншәлиев, 1997; Тілепов, 2020: 23). Ол қазақ ел болып, есін жинап, халық болып, қауқарлы жұрт болу жолына салушы.

«Атадан алтау тудым деп,
асқынып жауап айтпаңыз.
Атамның малы көп-ті деп,
атты басқа тартпаңыз.
Есеніңде, тіріңде – бір болыңыз бәріңіз…»,

– деген жыры – оның тарихта қамқоры, ұлт жанашыры болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, кеңес дәурінің ғылыми басылымдарының өздерінде жырау туралы ел аңыздарына сүйене келіп «Асанқайғы Жәнібек ханның тұсында жасаған қазақ поэзиясының бастаушысы, өлеңдерінде ақсүйек төрелерді әшкерелеп, хан билігінің күшейюі үшін күрескен саяси қайраткер ретінде сипатталады (Вяткин, 1941: 325; История Казахской ССР с древнейших времен, 1949: 163). М. Әуезов сөзімен айтқанда, бұл – XIII–XV ғасырлардағы қазақ руларының «Алтын орда, Қазан хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып ірі тарихи оқиғаларды бастарынан бірге кешіріскен» тұстары болған (Әуезов, 1984: 46). 1450-жылдарда Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. 1456 жылы Шу алқабында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан жаңа мемлекттің ұраншысына айналады (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 22).

Көлде журген қоңыр қаз
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар
Ел қадірін не білсін!
Көшсе қона білмеген,
Ақылына көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін! – деген жолдар Асан Қайғының қарапайым сананың тар көкжиегін жеңіп, мемлекеттің ұраншысы деңгейіне көтерілгенін көрсетеді. Асан Қайғының жырларының негізгі ұраны – қазақ елінің, жұртының тағдыры, татулығы мен біртұтастығы (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 26).

Ұлттық сана қалыптасу жолында елге ұйытқы болған *Қазтуған жырау Сүйінішұлы* (XV ғасыр) мол мұра қалдырды. Оның артынан өмір, болмыс, туған ел туралы және әскери

тұрмысқа қатысты жырлар қалды. «Белгілі биік көк сеңгір» толғауында Қазтуған жырау батырларға тән қажыр-қайратын ұштап, намысын қайрап, елге дем беріп, рухтандыра түседі.

Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас,
Ер қарауыл қарар деп,
Алыстан қара шалар деп;
Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапса дем тартар,
Сусыным қанға қанар деп;
Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп;
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым
Ортамнан ойран салар деп;
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп! – осылайша «Белгілі биік көк сеңгір» толғауында Қазтуған жырау батырларға тән қажыр-қайратын ұштап, намысын қайрап, елге дем беріп, рухтандыра түседі (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 28–29).

Қазақ хандығы замандасы *Доспамбет жырау* – өз заманының көп оқып, көпті көрген, талай әскери жорыққа қатысқан жауынгер:

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес...
Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса.
Қан жусандай егілсе.
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары арқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес, – деп деп жырлаған (Тілепов, 2020: 57,58).

*Шалкиіз Тіленшіұлы* (XV – XVI ғасырлар)

Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма;
Жағаласса, жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма;
Дулығалы бас кескен
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма?! – деген жолдары ұрпақтан ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беріп, талай замандар бойы тар жол, тайғақ кешуді ерлікпен бастан кешуге шақырған (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 36).

Сонымен қатар, Марғасқа жырау (XVII ғасыр), Жиембет жырау (XVII ғасыр), Үмбетей жырау Тілеуұлы (1697–1786), Ақтамберді жырау Сарыұлы (1695–1788), Тәтіқара ақын (XVIII ғасыр), Көтеш Райымбекұлы (1745–1838), Шал ақын Құлекеұлы (1748–1819), Қобылан Бөрібайұлы (1760–1840), Абыл Тілеуұлы (1777–1864), Есет Қараұлы (1779–1869), Түбек Байқошқарұлы (1785–1860), Өске Торқаұлы (1788–1857), Махамбет Өтемісұлы (1803–1846), Шернияз Жарылғасұлы (1807–1867) сияқты жырау, ақын, батырлар ханды дәуірдің ұраншылары ел үшін күресіп, сол халықтың, сол мемлекеттің тұтастығына оның билеушісінен жаны кем ауырмаған, кейінгі ұрпақтарға рухани тәлім-тәрбие қалдырған мықты жандар. Олай болса, олардың мұрасындағы қазақ жұртының жеке ел болып қауымдасу, хандық құрылымды мемлекет болып қалыптасу кезеңдеріндегі тарихи тайталастарының ізі – тек сол дәуірдің, бір ортаның ел бастар, орда бұзар елеулі перзенттерінің өмірлерінің

хроникасы ғана емес, бұл түптеп келгенде қазақ этносының өмір жолы ретінде қымбат (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

XIV–XVIII ғасырлардағы жыраулар ішінен *Бұқар жырау Қалқаманұлы* (1684-1782) бүгінгі таңдағы қазақтар үшін Асанқайғыдан кейінгі елге ең танымалысы. Хандық дәуірддегі қазақ қауымының хал-күйін бүкіл жан-дүниесімен жырлап өткен Бұқар жыршының мұрасы бірсыпыра ғалымдарымыздың еңбектерінде жан жақты зерттеліпіп келді (Әуезов, 1991; Сейфуллин, 2007; Мұқанов, 1942; Сәтбаева, 2000; Дербісәлин, 1990; Тілепов, 1995 және т.б.).

Шындап келгенде, С. Сейфуллин Бұқарды «Абылай ханның ақылгөйі» деген сөз оған берілген өте жоғары баға болатын. Ел билеген кемеңгер ханына ақылгөй атану, ол үлкен дана, кемеңгер кісіге берілетін баға. Осы орайда, М. Әуезов: «Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға алып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы. Абылай ханмен бірге қалың елге де өсиет айтады. Айтатын сөзінің барлығы да күнде қазақ елінің басына келіп тұрған саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан болғандықтан ақылының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады», – деп айтқан (Әуезов, 1991: 77)

«**…**Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың
Күнінде біреуге
Тегіннен-тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа…», – деген жолдарында Бұқар жырау бүкіл ұлыстың, күллі қазақ елінің қамқоршы-ақылшысы болғандығын көруге болады (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 82). Алайда, өмірінің соңғы кезеңінде Бұқар жай ғана арқалы жырау, ақылшы аға емес, мемлекет істеріне елеулі ықпал етіп отырған қабырғалы биге, өз заманының ұраншысына айналады (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 81).

XVIII-ғасырда Қазақ хандары мен батырларының, билері мен саясаткерлерінің қазақ халқын жеңіске бастаған ұлы істерін өз көзімен көріп, жазып баяндаған *Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы*. Еңсегей бойлы ер Есім, Салқам Жәңгір, Тәуке, Жолбарыс, Әбілқайыр, Абылай хандардың ұлы істерін алға тартып, Қанжығалы Бөгембай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наузызбай батырлардың қазақ тәуелсіздігі үшін соғысында көрсеткен ерліктерін баяндайды. Сонымен қатар, қазақ халқының мемлекеттік заң жүйесін жасаған үш кемеңгер әз Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Кіші жүз Әйтеке билердің өзі куә болған қазақ елі үшін тынбай жасаған істерін баяндай отырып, Шапырашты Асыл Дәулет, Дулат Жаныс Құдайберді, Найман Тоқымтай, Арғын Темеш Нұрғожа, Суан Бөлек билерді де

суреттейді. «Қазақ-қалмақ шабыншылығында біздің жұртымыз жердің бетінен біржола жоғалып кету қаупі төнді. Оған енді көзіміз жетіп отыр десек те болады. Бізбен соғысамын, бізді құртамын, билеймін, илеймін деп жүріп, қалмақ өзі құрығанын білмей қалды. Ал керісінше осылай біздің де — қазақтың да — құрып кетуі әбден ықтимал болатын. Біз қазақтың өзінің даналығында айтылғандай, «дауға біріміз, жауға бәріміз» бардық. Бір жағадан бас шығардық, бір жеңнен қол шығардық» деп, хан мен қараның, үлкен мен кішінің берік сыйластығын қалыптастырған ұлттық дәстүрімізді мақтаныш ете отырып жазады (Тауасарұлы, 1993: 4, 366–379).

**Қорытынды**

Осылайша, фольклорлық дереккөздер, қазақ халқының мемлекеттік санасының қалыптасуы, өсуі туралы ғана емес, сонымен бірге адамдардың осы этносаяси ұйымға жататындығын түсінуден басталған ұлттың өзін-өзі тануының күрделі үдерістері туралы куәлік етеді. Фольклорлық дереккөздер қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасы этносаяси, ұлттық қауымдасуының, өзін-өзі халық ретінде қадірлеу сезімі мен елдік санасы бар екенін көрсетеді.

Өмір бойы қазақ халқы басқа этностармен өзара іс-қимыл жасай отырып, өзінің бейнесін, ұлттық ерекшеліктерін, шығу тегін, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мінез-құлық нормалары туралы идеясын, яғни *«біз»* дегенге қатысты санасын қалыптастырды. Қазақтардың «біз» дегені этникалық өзін-өзі тану, өзін-өзі сәйкестендіру, «біз» және «олар» ұғымдары арасындағы қарама-қайшылық, аумақтық және мемлекеттік тұтастық туралы идеяларды қамтыды. Осы тұрғыдан алғанда қазақтар біртұтас, тарихи қалыптасқан әлеуметтік-саяси ұйым ретінде қалыптасты. Нәтижесінде қазақтардың қоғамдық санасында ұлтты одан әрі дамыту, оның тұтастығы мен бірлігін сақтау үшін өмірлік маңызы бар, халық бірлігі мен ел тәуелсіздігі идеялары басым орын алды. Осылайша ұлттың саяси, дүниетанымдық, мәдени-адамгершілік ұстанымы қалыптасты. Қалыптасқан ұлттық ұстаным қазақ халқының ұлттық қадір-қасиет сезімін тәрбиелеп, қоршаған әлемді және ондағы өз орнын түсінуге, бірлікке ұмтылуымен және осы бірлікті жүзеге асыруда және бекітуде ерік-жігердің болуымен сипатталды. Бұл ұстанымдар қазақ халқының ішкі этносаяси қауымдасу, мемлекеттілікті күшейту, саяси жүйенің тұрақтылығы мен тепе-теңдігін, қоғамды біріктіру, ұлттың өмір сүруі үшін прогрессивті, өмірлік маңызы бар ішкі ұстанымдар болды.

**Әдебиеттер тізімі**


Әуезов, 1980 — *Әуезов М.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1980. Т.15. 424 б.

Әуезов, 1991 — *Әуезов М.* Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. 202 б.

Асфендиаров, 1935 — *Асфендиаров С.* Қазақ тарихының очерктері. Алматы: Қазақстан баспасы, 1935. 91 б.

Асфендиаров, Кунте, 1935 — *Асфендияров С., Кунте П.А.* Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 1 (5 век до н.э. – 18 в. н.э.). Алма-Ата – Москва: Каз.краев.изд., 1935. 297 с.

Байғанин, 2012 — *Байғанин Н.* Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2012. Т. 2. 344 б.

Бекмаханов, 1947 — *Бекмаханов Е.Б.* Казахстан в 20–40-е годы XIX в. Алма-Ата: Казак университеті, 1947. 400 с.

Бес ғасыр жырлайды, 1989 — *Бес ғасыр жырлайды:* 2 томдық // Құрастырған М. Мағауин, Т. Байділдаев. Алматы: Жазушы, 1989. Т. 1. 384 б.

Вяткин, 1941 — *Вяткин М.П.* Очерки по истории Казахской ССР / Академия наук СССР, Институт истории и Казахстанский филиал. Москва: ОГИЗ: Госполитиздат, 1941. Т. 1: С древнейших времен по 1870 г. 1941. 367 с. // URL: https://www.prlib.ru/item/356117.

Дербісәлин, 1990 — *Дербісәлин Ә.* Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы, 1990. 255 б.

История Казахской ССР с древнейших времен, 1949 — *История Казахской ССР с древнейших времен* до наших дней. Второе издание исправленное и дополненное. Том 1. Под общей редакцией И.О. Омарова и А.М.Панкратовой. Алма-ата, 1949. 451 с.

Қазақ халқының эпикалық әңгімелері, 2007 — *Қазақ халқының эпикалық әңгімелері* (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер»: т.ғ.д. дисс. Алматы-Москва, 1946. // А.Х. Марғұлан шығармалары.Алматы: Алатау, 2007. III том. 488 б.

Қобыланды батыр, 2023 — *Қобыланды батыр.* Жетітомдық. 1-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Қыдыр Т., Рақыш Ж. Алматы: Smart University Press, 2023. 547 б.

Левшин, 1996 — *Левшин А.И.* Описание киргиз – казачьих, или киргиз – кайсацких, орд и степей // под общ. ред. М.К. Козыбаева. Алматы, 1996. 656 с.

Марғұлан, 1985 — *Марғұлан Ә.Х.* Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы: Жазушы, 1985. 368 б.

Мұхаммед Хайдар Дулати, 2003 — *Мұхаммед Хайдар Дулати.* Тарих-и Рашиди, парсы тіліндегі қолжазба нұсқасынан тәржімалаған Ислам Жеменей. Жалпы ред. басқарған және алғысөзін жазған Әбсаттар Дербісәлі. Алматы: Тұран, 2003. 318 б.

Сәтбаев, 1989 — *Сәтбаев Қ.* Ер Едіге. Кітап: Сатпаев К. И. Избранные статьи о науке и культуре. Алма-Ата: Наука, 1989. 440 с.

Сәтбаев, 1989 — *Сәтбаев Қ.И.* Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989. 440 б.

Сәтбаева, 2000 — *Сәтбаева Ш.Қ.* Уақыт шуағы. Алматы: Ғылым, 2000. 656 б.

Сейфуллин, 2007 — *Сейфуллин С.* Көп томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: Қазығұрт, 2007.

Сүйіншәлиев, 1997 — *Сүйіншәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 1997. 247 б.

Тауасарұлы, 1993 — *Тауасарұлы* Қазыбек бек Түп-тұқияннан өзіме шейін: Басп.дайындаған Б. Қыдырбекұлы. Алматы: Жалын, 1993. 416 б.

Тынышпаев, 1993 — *Тынышпаев М.* История казахского народа. Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. 224 с.

Тілепов, 1995 — *Тілепов Ж.* Елім деп еңіреген ерлер жыры. Алматы, 1995.

Тілепов, 2015 — *Тілепов Ж.* Қазақ хандығындағы жыраулар мұрасы, 2015. // URL: https://kazgazeta.kz/news/31989

Тілепов, 2020 — *Тілепов Ж.* Қазақ халқының хандық дәуір әдебинті: оқу құралы. Стер. бас. Алматы: «Қазақ университеті», 2020. 220 б.

Уәлиханов, 2010 — *Уәлиханов Ш.Ш.* Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Алматы: Толағай групп, 2010. 376 б.

Халидұғлы, 1910 — *Халидұғлы Қ.* Тауарих хамса. Қазан, 1910. 222 б.

**References**


Asfendiarov, 1935 — *Asfendiarov S.* Kazakh tarikhyn ocherkteri [Essays on Kazakh history]. Almaty: Kazakhstan baspasy, 1935. 91 p. (In Kaz.).

Asfendiarov, Kunte, 1935 — *Asfendiyarov S., Kunte P.A.* Proshloye Kazakhstana v istochnikakh i materialakh [The past of Kazakhstan in sources and materials]. Sb. 1 (5 vek do n.e. – 18 v. n.e.) . Alma-Ata; Moskva: Kaz.krayev.izd., 1935. 297 p. (In Russ.).

Auezov, 1980 — *Auezov M.* Zhiirma tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in twenty volumes]. Almaty: Jazwsı, 1980. Vol. 15. 424 p. (In Kaz.).

Auezov, 1991 — *Auezov M.* Adebiet tarihy [History of literature]. Almaty: Ana tili, 1991. 202 p. (In Kaz.).

Babalar sөzi, 2006 — *Babalar sozi:* Zhuz tomdyk [The word of ancestors: one hundred volumes]. Astana: «Foliant», 2006. Vol. 35: Batyrlar zhyry. 392 p. (In Kaz.).

Bayganin, 2012 — *Bayganin N.* Ush tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in three volumes]. Almaty, «Qazygurt» baspasy, 2012. T.2. 344 p. (In Kaz.).

Bekmakhanov, 1947 — *Bekmakhanov E.B.* Kazakhstan v 20–40-e gody XIX v. [Kazakhstan in the 20–40s of the XIX century]. Alma-Ata: Kazak үniversiteti, 1947. 400 p. (In Russ.).

Bes gasir jirlaydi, 1989 — *Bes gasyr zhyrlaydy:* 2 tomdyk // Qurastırgan M. Magawin. Vol. Baydildaev. Almaty: Zhazuschy, 1989. T.1. 384 p. (In Kaz.).

Derbisalin, 1990 — *Derbisalin A.* Adebiet turaly tolganystar [Reflections on literature]. Almaty, 1990. 255 p. (In Kaz.).

Istoriya Kazakhskoy SSR s drevneyshikh vremen, 1949 — *Istoriya Kazakhskoy SSR s drevneyshikh vremen* do nashikh dney [The history of the Kazakh USR from ancient times to the present day]. Vtoroye izdaniye ispravlennoye i dopolnennoye. Tom 1. Pod obshchey redaktsiyey I.O. Omarova i A.M.Pankratovoy. Alma-ata, 1949. 451 p. (In Russ.).

Khalidugly, 1910 — *Khalidugly K.* Tauarikh Khamsa [Tawarih Hamsa]. Kazan, 1910. 222 p. (In Kaz.).

Kobylandy batyr, 2023 — *Kobylandy batyr* [Kobylandy batyr]. Zheti tomdyk. 1-tom Tomdy kurastyryp, baspaga dayyndagandar: Matyzhanov K., Kydyr T., Rakysh ZH. Almaty: Smart University Press, 2023. 547 p. (In Kaz.).

Levshin, 1996 — *Levshin A.I.* Opisaniye kirgiz – kazachikh, ili kirgiz – kaysatskikh, ord i stepey [Description of the Kirghiz – Cossack, or Kirghiz – Kaysak, hordes and steppes] // pod obshch. red. M. K. Kozybayeva. Almaty, 1996. 656 p. (In Russ.).

Margulan, 1985 — *Margulan A.Kh.* Yezhelgi zhyr-anyzdar [Ancient Psalms-legends]. Almaty: Zhazushy, 1985. 368 p. (In Kaz.).

Margulan, 2007 — *Margulan A.Kh.* «Kazakh khalkynyn epikalyk angimeleri turaly tarikhi-adebiettik zertteuler» [«Historical and literary research on the epic stories of the Kazakh people (myths, legends, fairy tales, legendary stories)»]: f.g.d. diss. Alma-Ata–Moskva, 1946. // A.Kh. Margulan shygarmalary. Almaty: Alatau, 2007. III tom. 488 p. (In Kaz.).

Muxammed Xaydar Dulati Tarix-i Rashidi, 2003 — *Muxammed Xaydar Dulati Tarix-i Rashidi* [Tarikh-i Rashidi], parsı tilindegi qolzhazba nusqasınan tarjimalagan Islam Jemeney. Zhalpy red. basqargan zhane algysozin jazgan Absattar Derbisali. Almaty: Turan, 2003. 318 p. (In Kaz.).

Satbayev, 1989 — *Satbayev K.* Er Edige. Kitap: Satpayev K. I. Izbrannyye stat'i o nauke i kul'ture. Er Yedige. Book: Satpaev K.I. Selected articles on science and culture. Alma-Ata: Nauka, 1989. 440 p. (In Kaz.).

Satbayev, 1989 — *Satbayev K.I.* Gylym zhane madeniet turaly tandamaly makalalary [Selected articles on science and culture]. Almaty: Gylym, 1989. 356 p. (In Kaz.).

Satbayeva, 2000 — *Satbayeva Sh.K.* Uakyt shuagy [The sun of time]. Almaty: Gylym, 2000. 656 p. (In Kaz.).

Seyfullin, 2007 — *Seyfullin S.* Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [Multi-volume collection of works]. 7-tom. Almaty: Kazygurt, 2007. 413 p. (In Kaz.).

Suyinshyliyev, 1997 — *Suyinshyliyev Kh.* Kazakh adebiyetinin tarikhy [History of Kazakh literature]. Almaty: Sanat, 1997. 247 p. (In Kaz.).

Tauasaruly, 1993 — *Tauasaruly Kazybek bek* Tup-tukiyannan ozime sheyin [Obedient to myself from birth]: Basp.dayyndagan B. Kydyrbekuly. Almaty: Zhalyn, 1993. 416 p. (In Kaz.).

Tynyshpayev, 1993 — *Tynyshpayev M.* Istoriya kazakhskogo naroda [History of the Kazakh people]. Alma-Ata: Kazak universiteti, 1993. 224 p. (In Russ.).

Tilepov, 1995 — *Tilepov Zh.* Yelim dep yeniregen yerler zhyry [Songs of men who moan about their country]. Almaty: Bilim, 1995. 189 p. (In Kaz.).

Tilepov, 2015 — *Tilepov Zh.* Kazak khandygyndagy zhyraular murasy [Heritage of zhyrau in the Kazakh Khanate] // URL: https://kazgazeta.kz/news/31989 (In Kaz.).

Tilepov, 2020 — *Tilepov Zh.* Kazak khalkynyn khandyk dauir adebieti [Literature of the Khanate era of the Kazakh people]. Almaty: «Kazakh universiteti», 2020. 220 p. (In Kaz.).

Ualikhanov, 2010 — *Ualikhanov Sh.Sh.* Kop tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works]. Vol. 1. Almaty: Tolagaj grupp, 2010. 376 p. (In Kaz.).

Vyatkin, 1941 — *Vyatkin M.P.* Ocherki po istorii Kazakhskoy SSR [Essays on the history of the Kazakh USR] / Akademiya nauk SSSR, Institut istorii Kazakhstanskiy filial. Moskva: OGIZ: Gospolitizdat, 1941. Vol. 1: S drevneyshikh vremen po 1870 g. 1941. 367 p. URL: https://www.prlib.ru/item/356117. (In Russ.).

# МАЗМҰНЫ

## ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Борза В.**
НЕВИЛЬ ЧЕМБЕРЛЕНДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ШЕКТЕУЛЕРІ…………………..................767
**Қабылдинов З.Е., Черниенко Д.А., Беркінбаев О.У.**
ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ АМАНАТТА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ РӨЛІ……………………......…........................................................781
**Күзембайұлы А., Әбіл Е.**
ШИБАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ АҢЫЗДАРЫНДА………………………….................................................796

## ТАРИХ

**Айтмағамбетов Д.Р., Кенжалина Г.Ж.**
1921–1922 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨМЕК…..........814
**Асанова Г.К., Қалиев Ж.Н.**
XV ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ ҚАУЫМДАСУЫ (ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР БОЙЫНША)…………………………………..............827
**Батырбекқызы Г., Шылмамбетов С., Идрисова А.**
ҚАЗАҚСТАНДА XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ЖӘДИТШІЛІК БАҒЫТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ……………………………………….......................................................840
**Даутова-Кхан А.И.**
СОҒЫС АРАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ҮНДІСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ………………………………..........................................................................……854
**Қозыбаева М.М.**
СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ (1946–1956 жж.) СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОЛХОЗДАРЫНДАҒЫ АРНАЙЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ……….........….866
**Торайғыров Е.М., Арепова А.Д.**
ЖОҢҒАР ФАКТОРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ІШКІ ЖА ШЕШ ҚҚА ҚОНЫС АУДАРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘСКЕРИ-САЯСИ ТҰРҒЫДА ІЛУІ (1750–1770 ЖЫЛДАР)……………………………………………………884
**Доскараева А.А., Мұхатова О.Х.**
АУЫЗША ТАРИХНАМАДАҒЫ ЕСІМ ХАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ……………………...............………900
**Сағнайқызы С., Асылбекова Ж. М-А., Омарова Г.Ә.**
«СОЦИАЛИСТІК МЕНШІКТІ ҚОРҒАУ» ЗАҢЫН ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ………………………………...........................................................................…915
**Сайлаубаева Н.Е., Жұматай С.**
«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ГАЗЕТІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ………………….................................……………………….….928
**Токишкадиров Б.Б., Байсарина К.К., Бакытжанова А.Б.**
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ОТАНЫНА ОРАЛУЫ: БЕЙІМДЕЛУІ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ…………………………………………………………………….….940
**Тұрлыбекова А.М., Садықова А.М.**
СОҒЫСҚА ДЕЙІН ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАРСЫ САЯСАТТЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ..............................................................................................................................951
**Рахимов М.И., Шаяхмет Н.У., Пусырханова Э.Р.**
XVIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ПАВЛОДАР ЕРТІС ӨҢІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ШАЙҚАСТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫДАҒЫ ОРЫНДАРЫ……………………………………............……965

## АНТРОПОЛОГИЯ

**Біләлова Г.**
ОРМАНБЕТ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚОНЫСЫНДАҒЫ (АҚМОЛА ОБЛЫСЫ) КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖҮРГІЗІЛУІ (АЛДЫН АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ)……………………………………………….................……….980

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

**Борза В.**
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ВОЕННЫЕ ОГРАНИЧЕНИЯ НЕВИЛЛА ЧЕМБЕРЛЕНА……………………………….767
**Кабульдинов З.Е., Черниенко Д.А., Беркинбаев О.У.**
АМАНАТСТВО СУЛТАНА АБУЛФЕИСА И ЕГО РОЛЬ В КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ОТНОШЕНИЯХ СЕРЕДИНЫ XVIII ВЕКА……………………………………………………………….........................……….781
**Кузембайулы А., Абиль Е.**
ШИБАН В ИСТОРИЧЕСКИХ ПРЕДАНИЯХ КАЗАХОВ……………………………...................................….796

### ИСТОРИЯ

**Айтмагамбетов Д.Р., Кенжалина Г.Ж.**
МЕЖДУНАРОДНАЯ ПОМОЩЬ В БОРЬБЕ С ГОЛОДОМ В КАЗАХСТАНЕ В 1921–1922 ГГ.……………….……814
**Асанова Г.К., Калиев Дж.Н.**
ЭТНОПОЛИТИЧЕСКАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XV–XVIII ВЕКАХ (ПО МАТЕРИАЛАМ ФОЛЬКЛОРНЫХ ИСТОЧНИКОВ)……………………………....…827
**Батырбековна Г., Шилмамбетов С., Идрисова А.**
СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ ДЖАДИДИСТСКОГО НАПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА…………………………………………………………………………........................840
**Даутова-Кхан А.И.**
СТРУКТУРА И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНДИЙСКОЙ ГРАЖДАНСКОЙ СЛУЖБЫ
В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД……………………………………………………………..........……………854
**Козыбаева М.М.**
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СПЕЦПЕРЕСЕЛЕНЦЕВ В КОЛХОЗАХ
СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946–1956 ГГ.)……………………………...866
**Торайгыров Е.М. Арепова А.Д.**
ДЖУНГАРСКИЙ ФАКТОР И ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ РЕШЕНИЕ ВОПРОСА О ПЕРЕКОЧЕВКАХ КАЗАХОВ НА ВНУТРЕННЮЮ СТОРОНУ (1750–1770-е ГОДЫ)……………………………………….…884
**Доскараева А.А., Мухатова О.Х.**
ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ХАНА ЕСИМА В УСТНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ…………………………….........900
**Сагнайкызы С., Асылбекова Ж. М-А., Омарова Г.А.**
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ В ХОДЕ РЕАЛИЗАЦИИ ЗАКОНА
«О ЗАЩИТЕ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОЙ СОБСТВЕННОСТИ»……..............................………………………..915
**Сайлаубаева Н.Е., Жуматай С.**
ИСТОРИЯ ИЗДАНИЯ ГАЗЕТЫ «КАЗАХ ТИЛИ»…………………………………………….................…928
**Токишкадиров Б.Б., Байсарина К.К., Бакытжанова А.Б**
РЕПАТРИАЦИЯ КАЗАХОВ ИЗ МОНГОЛИИ НА ИСТОРИЧЕСКУЮ РОДИНУ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ: АДАПТАЦИЯ И СТАНОВЛЕНИЕ……………………...........................................................................................940
**Турлыбекова А.М., Садыкова А.М.**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ АНТИРЕЛИГИОЗНОЙ ПОЛИТИКИ В ПАВЛОДАРСКОМ РЕГИОНЕ
В ДОВОЕННЫЙ ПЕРИОД………………………………………..................………........................................951
**Рахимов М.И., Шаяхмет Н.У., Пусырханова Э.Р.**
МЕСТА ПАМЯТИ КАЗАХСКО-КАЛМЫЦКИХ СРАЖЕНИЙ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XVIII ВЕКА……………………………………………………………………………..965

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Билялова Г.**
ПРОВЕДЕНИЕ КОМПЛЕКСНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА СРЕДНЕВЕКОВОМ ПОСЕЛЕНИИ ОРМАНБЕТ В АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ (ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ)………………….....................………980

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Borza V.**
THE ECONOMIC AND MILITARY CONSTRAINTS OF NEVILLE CHAMBERLAIN……………………………767
**Kabuldinov Z.E., Chernienko D.A., Berkinbaev O.U.**
THE AMANATISM OF SULTAN ABULFEIS AND ITS ROLE IN KAZAKH-DZUNGAR RELATIONS IN THE MIDDLE OF 18th CENTURY……………………781
**Kuzembayuly A., Abil Ye.**
SHIBAN IN THE HISTORICAL LEGENDS OF THE KAZAKHS……………796

### HISTORY

**Aitmagambetov D., Kenzhalina G.**
INTERNATIONAL AID IN THE FIGHT AGAINST FAMINE IN KAZAKHSTAN IN 1921–1922…………814
**Assanova G.K., Kaliyev Zh.N.**
ETHNOPOLITICAL CONSOLIDATION OF THE KAZAKH PEOPLE IN THE SECOND HALF OF THE XV–XVIII CENTURIES (BASED ON FOLKLORE SOURCES)……………827
**Batyrbekkyzy G., Shylmambetov S., Idrissova A.**
SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF THE JADIDIST MOVEMENT IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURY……………840
**Dautova-Khan A.I.**
STRUCTURE AND FUNCTIONING OF THE INDIAN CIVIL SERVICE IN THE INTERWAR PERIOD……….854
**Kozybayeva M.M.**
SOCIO-ECONOMIC SITUATION OF SPECIAL SETTLERS IN THE COLLECTIVE FARMS OF NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946–1956)……………866
**Toraigyrov Y.M., Arepova A.D.**
THE DZUNGAR FACTOR AND THE MILITARY-POLITICAL RESOLUTION OF THE ISSUE OF KAZAKH MIGRATION TO THE INNER SIDE (1750S–1770S)……………884
**Doskarayeva A.A., Mukhatova O.H.**
THE FOREIGN POLICY OF KHAN YESIM IN ORAL HISTORIOGRAPHY……………900
**Sagnaikyzy S., Asylbekova Zh. M-A., Omarova G.A.**
ACTIONS CARRIED OUT BY LAW ENFORCEMENT AGENCIES WHILE ENFORCING THE “SOCIAL PROPERTY PROTECTION” LEGISLATION……………915
**Saylaubaeva N.E., Zhumatay S.**
PUBLICATION HISTORY OF THE NEWSPAPER “KAZAKH TILI”……………928
**Tokishkadirov B.B., Baissarina K.K., Bakytzhanova A.B.**
REPATRIATION OF KAZAKHS FROM MONGOLIA TO THEIR HISTORICAL HOMELAND DURING THE YEARS OF INDEPENDENCE: ADAPTATION AND DEVELOPMENT……………940
**Turlybekova A.M., Sadykova A.M.**
SOME ASPECTS OF THE ANTI-RELIGIOUS POLICY IN THE PAVLODAR REGION DURING THE PRE-WAR PERIOD……………951
**Rakhimov M.I., Shayakhmet N.U., Pussyrkhanova E.R.**
PLACES OF MEMORY OF KAZAKH-KALMYK BATTLES IN THE PAVLODAR-IRTYSH REGION IN THE 1ST HALF OF THE XVIII CENTURY……………965

### ANTHROPOLOGY

**Bilyalova G.**
PRELIMINARY RESULTS FROM COMPLEX ANALYSES AT THE MEDIEVAL SETTLEMENT OF ORMANBET IN THE AKMOLA REGION……………980

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми журналы 2024. 11 (4)
*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетіШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй